

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама № 7

Қосбөлтек ауылы

20.03.2024ж.

«Парақорлық құрдымға апарар жол» тақырыбында тәрбиеші Г.Стаеваның ұйымдастыруымен қызметкерлер арасында кеңес берілді.

Ондағы мақсат: сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,оны болдырмау жолында жұмыстар жүргізту.

Г.Стаева өз сөзінде парақорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күні күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Өздеріңіз білетіндей қазіргі таңдағы мәселелердің бірі қоғамдағы сыбайлас парақорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатып отырғаны аян. Егерде бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ сыбайлас парақорлық ел болашағының, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді және бұл сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек екенін айта отырып, қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықтың құрбаны болмау үшін әрине сауаттылық және оған жол бермеу керектіктерін әрдайым жанында ұстауларына кеңес берді.

Осы аталған кеңестерді қызметкерлер тарапынан ескеретіндерін және бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет екенін айтты.

Хатшы:  Максымханова Ф.